Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 19 қазан 3115-23-00-2/2093 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәспікер Рано Набиевна Ачилова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы
3. аударылған ақшаны өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Рано Набиевна Ачилованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, аударылған ақшаны және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Рано Набиевна Ачилова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Рано Набиевна Ачиловадан «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 10 000 (он мың) теңге аударылған ақша, 14 200

(он төрт мың екі жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл, 726 (жеті жүз жиырма алты) теңге төленген сот шығыны өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Рано Набиевна Ачиловадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 19.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2023, судья Ясарова Р. К., 12.12.2023

3115-23-3-1/2445